

## 1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

### Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

Ақтөбе облысының білім басқармасының «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ-нің «Саға жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
030713, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Саға ауылы №12 үй

### Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта)

Телефон: 8(71333) 76-3-67

Электронды пошта: [saga\\_m2012@mail.ru](mailto:saga_m2012@mail.ru).

Сайты: <https://saga.mugalzhar.edu.kz/kz/>

### Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының АТӘ және лауазымға тағайындау туралы деректер)

Жангельдин Бекет Хасенович, «Саға жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің 2018 жылғы 20 тамыз №127 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.

Ұялы телефоны: 8775 910 7785

### Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 18 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 08.01.1998 жыл, БСН-980140002468. Құрылтайшысы: «Саға жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

### Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 20.10.2020 жылы №KZ69PVK00024756

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 17.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ37LAA00023979 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (т.рлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім көрсетілген.

## 2. Кадрлық құрамға талдау

*Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;*

**2022-2023 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылы мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 25 педагог ішінде: (1 әлеуметтік педагог, 1 психолог, 1 ұйымдастырушы педагог, 1 тәлімгер, 1 қосымша білім беру педагог) жұмыс атқарады. 25 педагог ішінде: санаты жоқ-8, екінші санат-1, «педагог-модератор» – 5, «педагог-сарапшы» - 6, «педагог-зерттеуші» - 5. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 49%.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндер бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 4. «педагог» - 0, «педагог-модератор» -1, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-зерттеуші» - 2. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – 50 %.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 21. Оның ішінде «педагог-модератор» - 1, «педагог-сарапшы» - 6, «педагог-зерттеуші» - 3. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтердің жалпы санының сапалық құрамы – 43%-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

**2023-2024 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 24 педагог (оның ішінде 1 ұйымдастырушы педагог, 1 тәлімгер, 1 психолог, 1 әлеуметтік

педагог, 1 қосымша білім беру педагог) жұмыс атқарады. 24 педагог ішінде: санаты жоқ-9, «педагог-модератор» – 5, «педагог-сарапшы» - 4, «педагог-зерттеуші»-6. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрамы – 41,6%.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндер бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 4. «педагог» - 0, «педагог-модератор» -1, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-зерттеуші» - 2. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – 50 %.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 20. Оның ішінде санаты жоқ-6, «педагог-модератор» - 4, «педагог-сарапшы» - 4, «педагог-зерттеуші» - 4. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтердің жалпы санының сапалық құрамы – 40%-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

**2024-2025 оқу жылы.** «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі №339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік және оларға сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2024-2025 оқу жылындағы жағдай бойынша бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 4 мұғалім. Оның ішінде санаты жоқ-1, «педагог-модератор»- 1, «педагог-зерттеуші»-1. Сапалық құрам – 33,3 %. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдері – 18 мұғалім. Оның ішінде «педагог-зерттеуші» - 4, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-модератор»-8, санаты жоқ -2. Сапалық құрам – 50%, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Ескерту: 2024-2025 оқу жылының кестелік ақпаратқа мұғалімдер санына 1 психолог енгізілді. Себебі «Жаһандық құзыреттілік» пәні жүктемесі болғандықтан.

Гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі – 7. Оның ішінде санаты жоқ – 1, «педагог-зерттеуші» -2, «педагог-сарапшы» - 2, «педагог-модератор» - 2. Сапалық құрам - 57% талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

«Саға жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің педагогтер саны – 22, оның ішінде бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім бар педагогтер-20, қайта даярлау курсынан өткен педагогтер-1 (Шотанова Р.А); магистр дәрежесі бойынша – 1, арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 2. Сапалық құрам – 91%.

**Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;**

**2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына, ҚР-ның Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж №72 бұйрығына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

| Аты-жөні | Лауазымы | Жалпы еңбек | Пед.еңбек өтілі | ББҰ басшысының | Санаты |
|----------|----------|-------------|-----------------|----------------|--------|
|----------|----------|-------------|-----------------|----------------|--------|

|  |  | өтілі  |        | орынбасары<br>лауазымындағы<br>еңбек |  |
|--|--|--------|--------|--------------------------------------|--|
| Жангельдин Бекет<br>Хасенович          | Мектеп<br>директоры                                  | 20 жыл | 20 жыл | 9 жыл                                | «Педагог-<br>зерттеуші»<br>санаты, №161<br>бұйрық,<br>28.08.2020 жыл.<br>«Басшы-<br>ұйымдастырушы»<br>№1-707.<br>21.08.2023 жыл. |
| Жумағалиева<br>Римма<br>Аманғалиевна   | Директордың<br>оқу ісі<br>жөніндегі<br>орынбасары    | 37 жыл | 32 жыл | 15 жыл                               | «Педагог-<br>сарапшы» №1-765<br>бұйрық.<br>25.12.2020 жыл.<br>III санатты басшы<br>№55. 29.08.2024<br>жыл.                       |
| Бримбетова<br>Мадина<br>Тыныштықбаевна | Директордың<br>тәрбие ісі<br>жөніндегі<br>орынбасары | 24 жыл | 24 жыл | 11 жыл                               | «Педагог-<br>зерттеуші» №374.<br>30.12.2019 жыл.<br>III санатты басшы<br>№55. 29.08.2024<br>жыл.                                 |

Көрсетілген кестеге сәйкес мектеп басшысы үш жылда бір рет аттестаттаудан өтетіндігі анықталды. 02.04.2024 ж №72 бұйрығына сәйкес басшы орынбасарларының мерзімі ұзартылды.

***Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру\растату туралы мәліметтер;***

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру\растату «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің №13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

**2022-2023 оқу жылында** 1 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Ағымдағы оқу жылы аттестаттауға өтініш берген мұғалімнің өтініші қабылданып, аттестатталушы мұғалім (тізім бойынша) аттестаттаудың I және II кезеңінен «педагог-зерттеуші»-1 педагог өткізілген.

**2023-2024 оқу жылында** 9 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-модератор» - 6, «педагог-зерттеуші»-3. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растату) рәсімін жүргізу сараптамалық кеңес шешімімен 9 педагог оның ішінде «педагог-модератор» - 6, «педагог-зерттеуші»-3 тиісті біліктілік санатын алған.

**Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;**

**2022-2023 оқу жылында қашықтықтан білім алу барысында да оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алды.**

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынды, сонымен бірге білім алушылардың қажеттіліктерін, сұраныстарын және бейімділіктерін негізге ала отырып, таңдау бөлімінен **«Физика-химия»** пәндерін **аптасына 3 сағаттан** тереңдету мақсатында, **«Дүниежүзі тарихы», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»** пәндері **аптасына 1 сағаттан** оқыту жүргізіледі. Білім алушылардың жаратылыстану ғылыми сауаттылықтарын арттыру мақсатында «Туризм географиясы», «Менің таңдауым - менің денсаулығым» сағаттары жүргізілді. Сонымен қатар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында **«Алгебра құпиялары»** курсы оқытылды. Оқу сапасын арттыру мақсатында жүргізілген барлық пәндер бойынша курстар жүйелі түрде өз нәтижесін бере алды. Білім алушыларымыз жүргізілген пәндер бойынша өз білімдерін пәндік олимпиадалар мен байқауларда, интеллектуалды жарыстарда жоғары деңгейде көрсете алады.

**2022-2023 оқу жылы:** Республикалық 5-6 сынып оқушылары арасындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық кезеңінің жеңімпаздары:

- ✓ Ағылшын тілі 2 орын Айтқали Бекайдар
- ✓ Орыс тілі мен әдебиеті 3 орын Тұрдыбай Нұрдәулет
- ✓ Математика 3 орын Кәрібай Ақерке
- ✓ Қазақстан тарихы 3 орын Жылқыайдар Інжу
- ✓ Ағылшын тілі 2 орын Сайлаубай Нұрайлым
- ✓ Қазақ тілі мен әдебиеті 3 орын Ерсайын Арнұр
- ✓ Жаратылыстану 3 орын Панаева Бейнұр

Тілді меңгерудің маңыздылығы туралы түсінік бере отырып ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары туралы білімдерін кеңейту, лексикалық минимумды пайдалану арқылы сөйлем құрау, тілдік құзыреттілік қалыптастыру мақсатында «Тілдік бағдар» және еркін сөйлеуге және жазба сауаттылығын қалыптастыру үшін **аптасына 1 сағаттан «Мәтінмен жұмыс»** курсының нәтижелері бойынша:

Аудандық «Ақберен» байқауына қатысып Сайлаубай Нұрайлым **«Эссе жазу»** бағыты бойынша **2 орын**.

**«Мағжан оқулары» 2 орын** жетекшісі: Жубаниязова Майра Куантаевна.

Жақсылық Ақтолқын **«Ақберен»** байқауына қатысып **«Эссе жазу»** бағыты бойынша **2 орын**.

Аудандық **«Ақберен»** байқауына қатысқан жүлделі **2 орын** Рахматуллина Дилназ.

**«Мағжан оқулары» 2 орын** Поляев Ерасыл, жетекшісі Карлгашова Галина Жетписбаевна.

**Облыстық Машһүр Жүсіп оқулары бойынша:** Амангелді Нұрсұлтан **«Алғыс хат»** жетекшісі Карлгашова Галина Жетписбаевна.

Аудандық **«Мейірім әлемді құтқарады»** сырттай шығармашылық байқау **1 орын** Қадірхан Айза жетекшісі Иманалина Асель Амангалиевна.

Оқушылардың тарихи деректерге сыни көз қарасын қалыптастыра отырып, өткен тарихымыз шынайы бейнесін жасап, тарихи хронологияны есте сақтауға дағдыландыру мақсатында **«Тарих толқынында»** курсы **«Тарих тағылымы»** курсы аптасына бір сағат оқытылады. Оқытылып жатқан курстардың нәтижесінде білім алушыларымыздың тарихқа деген қызығушылықтары оянып аудандық, облыстық **«Менің кіші Отаным»** зияткерлік конкурсында 11 сынып оқушысы Аязбиев Диас **1 орын**, облыстық кезеңде **«Алғыс хат»** иеленді, жетекшісі Асан Бекарыс Шабанбайұлы.

Аудандық «**Тарихи шежірем. Менің тегімнің тарихы**» байқауы «**Алғыс хат**» 5 сынып оқушысы Еркебай Ақжібек, жетекшісі Мыштаева Таңсық Артықалықызы.

5-9 сынып оқушылары арасында Республикалық «**Тарих ата**» қашықтық олимпиадасы 5 сынып Поляев Ерасыл, Панаева Анель, Еркебай Ақжібек, Сүйіншәлі Айару **2 орын**.

6 сынып Жылқыайдар Мұхаммед, Марат Маржан, Ерсайын Еңлік **3 орын**. 7 сынып Жақсылық Санжар **1 орын**. 8 сынып Еркебай Ағлен, Кенжебек Азиза **3 орын**. 9 сынып Жылқыайдар Гүлім, Рахматуллина Дильназ **3 орын**.

**2022-2023 оқу жылдың** аудандық «**Зерде**» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауы өтті. Байқау қорытындысы төмендегідей

1. Кәрібай Ақерке-**3 орын**, жетекшісі Мыштаева Таңсық Артықалықызы
2. Тұрсын Батыр-«**Алғыс хат**», жетекшісі Бабалақова Улболсын Алимбековна
3. Марат Маржан-**2 орын**, жетекшісі Ешниязова Еңлік Бердіғазықызы

**2023-2024 оқу жылы** Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде **3 орын** Еркебай Ағлен, жетекшісі Карлгашова Галина Жетписбаевна.

Рахматуллина Дильназ **2 орын**, жетекшісі Жбаниязова Майра Куантаевна, **1 орын** Хасен Таңшолпан жетекшісі Рахматуллина Даметкен Балғалиевна.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне 8 сынып оқушысы Хасен Таңшолпан **1 орын** иеленді, жетекшісі Рахматуллина Даметкен Балғалиевна «**Алғыс хат**»-пен марапатталды.

**2023-2024 оқу жылында** Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық Ауыл олимпиадасының облыстық кезеңінде бір шама оқушылар жүлделі орындар иеленді.

- ✓ Хасен Таңшолпан **2 орын**, жетекшісі Жумағалиева Р.А.
- ✓ Жылқыайдар Гүлім **3 орын**, жетекшісі Қамбарқызы Ә.
- ✓ Нұғман Бекарыс **1 орын**, жетекшісі Бримбетова М.Т.
- ✓ Кенжебек Азиза **3 орын**, жетекшісі Карлгашова Г.Ж.
- ✓ Тұрсын Жанель **3 орын**, жетекшісі Карлгашова Г.Ж.
- ✓ Жақсылық Санжар **3 орын**, жетекшісі Кожанова Н.С.
- ✓ Аманова Анель **2 орын**, жетекшісі Рахматуллина Д.Б.
- ✓ Дүйсембек Инабат **2 орын**, жетекшісі Аденова Г.Т.

9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық Ауыл олимпиадасының облыстық кезеңінен **1 орын** иеленген Нұғман Бекарыс, Астана қаласында өткен Республикалық кезеңде бақ сынып «**Сертификат**» иеленді, жетекшісі Бримбетова М.Т.

Аудандық бастауыш сыныптар үшін «**Бастау**» олимпиадасы командалық есепте **3 орын**.

Облыстық «**Алтын сақа**» байқауында математика пәні бойынша облыстық кезеңнен **2 орын** Сайлаубай Нұрайлым, жетекшісі Токтамыс Ж.Ж.

**2023-2024 оқу жылдың** аудандық «**Зерде**» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының байқауы өтті. Байқау қорытындысы төмендегідей

1. Панаева Бейнұр-«**Мақтау қағазы**», жетекшісі А.А.Ахметова.
2. Кәрібай Ақерке-«**Мақтау қағазы**», жетекшісі Т.А.Мыштаева.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылар арасында өткен «**Менің шағын Отаным**» атты Республикалық жас дарындар байқауында «**Эссе жазу**» бағыты бойынша Кенжебек Азиза **3 орын**, жетекшісі М.К.Жубаниязова, **2 орын** Еркебай Ағлен, жетекшісі М.К.Жубаниязова.

Ауылдық жердегі дарынды оқушыларды анықтау интеллектуалдық қабілеттерін дамыту және шыңдау мақсатында өткен «**Аламан**» олимпиадасы **3 орын** Қуантай Ақереке, жетекшісі Сапина Ә. Дүйсембек Инабат «**Мақтау қағазы**», жетекшісі Аденова Г.Т., Жақсылық Санжар «**Мақтау қағазы**», жетекшісі Кожанова Н.С.

*Біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.*

| Оқу жылы       | Барлық педагогтер | Базалық курс | Инклюзив бойынша | Педагогтардың ІТ құзыреттілігін арттыру          |
|----------------|-------------------|--------------|------------------|--|
| 2022-2023 о.ж. | 25                | 5            | -                | 25   |
| 2023-2024 о.ж. | 24                | 15           | 1                | «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» |
| 2024-2025 о.ж. | 22                | 1            | -                |  |

Соңғы үш жылда біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 6. Оның ішінде бес жас маман Қамбарқызы Әлия, Бабалақова Улболсын, Ешниязова Еңлік, Сүйіншалиев Әділет, Жағыпарова Гүлбахрам. 1-педагог Жумағалиева Гульнара бала күтіміне байланысты демалыстан 2024 жылдың 1 қыркүйегінен жұмысқа қайта қосылған.

**2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы** басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курсы бойынша.

| Оқу жылы  | Мектеп директоры   | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары   | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
|-----------|--|--|---|
| 2022-2023 | Жангельдин Бекет Хасенович   | Жумағалиева Римма Аманғалиевна   | Бримбетова Мадина Тыныштықбаевна            |
| 2023-2024 | Жангельдин Бекет Хасенович   | Жумағалиева Римма Аманғалиевна   | Бримбетова Мадина Тыныштықбаевна            |
| 2024-2025 | Жангельдин Бекет Хасенович «Білім берудегі менеджмент» 16.09 – 16.09 – 27.09.2024 ж №0750069 | Жумағалиева Римма Аманғалиевна «Білім берудегі менеджмент» 16.09 – 27.09.2024 ж №0750073 | Бримбетова Мадина Тыныштықбаевна            |

### 3. Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

Деңгейлері бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

| № | Контингенттің құрылымы                | 2022-2023        |               | 2023-2024        |               | 2024-2025        |               |
|---|---------------------------------------|------------------|---------------|------------------|---------------|------------------|---------------|
|   |                                       | Жалпы сынып саны | Оқушылар саны | Жалпы сынып саны | Оқушылар саны | Жалпы сынып саны | Оқушылар саны |
| 1 | Саға жалпы білім беретін орта мектебі | 11               | 114           | 11               | 112           | 11               | 109           |

Саға жалпы білім беретін орта мектебі жылма жыл білім алушылардың келуі азаюда, бастауыш сынып бойынша өсім бар. Мектепке қабылданған білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазанындағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен (02.11.2018 ж №611 өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарттарына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Саға жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-не қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттарымен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп,

алфавиттік кітапқа тіркелгіндігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Деңгейлері бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы бастауыш сыныбында, негізгі орта білім беру сыныптарында 2022-2023 оқу жылында бір білім алушы, 2023-2024 оқу жылында бір білім алушы, 2024-2025 оқу жылында бір білім алушы тіркелген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70 тармағына сәйкес білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптардың) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сыныптолымдылығы нормаларының сақталуы Саға жалпы білім беретін орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында мектепте 1-11 сыныптар бойынша 11 сынып жиынтығында 114 білім алушы оқыған. Яғни әр класта толымдылығы бойынша 10 баладан келген. 2023-2024 оқу жылында 1-11 кластарда 11 класс жиынтығында 112 білім алушы оқыған ал толымдылығы бойынша 10 баладан келген. 2024-2025 оқу жылында 11 класс комплектіде 109 білім алушы контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 9 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке асыру үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазанындағы №564 бұйрығы» негізінде жүзеге асырылады.

#### Саға жалпы білім беретін орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы контингент қозғалысы

| Оқу жылдары бойынша | Барлығы |       | 1-4 сыныптар |       | 5-9 сыныптар |       | 10-11 сыныптар |       | Оқушы саны |
|---------------------|---------|-------|--------------|-------|--------------|-------|----------------|-------|------------|
|                     | келді   | кетті | келді        | кетті | келді        | кетті | келді          | кетті |            |
| 2022-2023           | 4       | 17    | 4            | 8     | -            | 8     | -              | 1     | 114        |
| 2023-2024           | 4       | 7     | 1            | 4     | 2            | 2     | 1              | 1     | 112        |
| 2024-2025           | 3       | 7     | 3            | 6     | -            | 1     | -              | -     | 109        |

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып тұр.

#### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

***Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:***

***-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестегі;***

***Зерделену барысында:***

2022-2023 оқу жылында «Саға жалпы білім беретін орта мектебі» КММ контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында - 114 оқушыға білім берген.

**2022-2023 оқу жылында** ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08.2020 ж №372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 1-қосымша. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, 5-9 кластар үшін 6-қосымша, 10-11 кластар үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі

№412 бұйрығы 22 төмендетілген оқу жүктемесі бойынша және 39 қосымшалар педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 69 сағат, барлығы 319,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2022-2023 оқу жылы мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жалпы бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 319,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үдерісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

**2023-2024 оқу жылында** «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығы 1-4 кластар үшін 1-қосымша; 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы 5-9 кластар үшін 13-қосымша; 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығы 10-класс үшін 11-қосымша, 11-класс үшін 12-қосымша.

Өзін – өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары bilimclass-толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы және топтық вариативтік сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламаларымен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар bilimclass-та толтырылған.

**2024-2025 оқу жылында** ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27 бұйрығы (6 қосымша); ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазанындағы №323 бұйрығымен) енгізілген өзгерістер. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығы 1-4 кластар үшін 6-қосымша; 26.10.2023 жылғы №323 бұйрығы 5-9 кластар үшін 16-қосымша; 10-класс үшін 22-қосымша, 11-класс үшін 21-қосымша.

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 ж №399 бұйрығы.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде оқытылған.

Бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 156 сағат, жалпы орта білім беруге 67 сағат. Барлығы 318,5 апталық жүктемелері беріп, бекітілген. 2024-2025 оқу жылы оқу мерзімі 34



аптамен сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәндер аталуы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 318,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үдерісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

**Жалпы қорытынды:** 2022-2024 жж аралығында үш жылдық оқу-тәрбие үдерісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «bilimclass» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілсін. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

***Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;***  
**2022-2023 оқу жылында.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, bilimClass журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. BilimClass журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық нақты сақталған. 2022-2023 оқу жылында 5-9 кластарда оқу процесі «Жалпыға білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

10-11 класта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурызындағы №105 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 12 наурызда №18382 болып тіркеледі) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады Күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің оқу үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде оқытылған.

**2022-2023 оқу жылы бойынша.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспары (әдәстемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары BilimClass-та толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестемен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және сабақтар, барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар bilimClass-та толтырылған.

***-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;***

1) 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралары жоспары, 2023-2024 оқу жылында 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар;

2024-2025 оқу жылдарында Тәрбие жұмысының бағдарламасын жаңарту бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің № 194 30.07.2024 бұйрығы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары бекітілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының сәйкес жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. saga orta mektebi инстаграм желісіне және «Саға негізгі мектебі»ММ фейсбук желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде «Мейірім» ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Ұлағат» әкелер мектебі, «Ұмай» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Жігер» ер балалар клубы, «Қыз Жібек» қыз балалар клубы, «Айбын» патриоттық клубы, рухани адамгершілік және заматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті метеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, «Қыран» жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2021 жылдың 05 наурыз күні мектеп

парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. 2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілерге қосымша пайдалануға арналған «Қазіргі заман мектептеріндегі тәрбие жұмысының мазмұны және оны ұйымдастыру жолдары» және «Өрт қауіпсіздік ережелері» әдістемелік көмекші құралдары шағарылған.

«Жас Ұлан» бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2022-2023 оқу жылында 93 білім алушылар «Жас Ұлан» қатарында мектепте балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2022-2023 оқу жылы аға вожатый Жумағалиева Гульнара Бактыбаевна, 2023-2024 оқу жылы аға вожатый Шотанова Рита Аскарровна, 2024-2025 оқу жылы аға вожатый Жумағалиева Гульнара Бактыбаевна тағайындалған. «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. «Жас Ұлан» ұйымының апталық, айлық, жылдық жоспарлары, 7 бағытқа арналған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. Жеті бағыт бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп, «Қоғамға қызмет еріктілер клубы» - кең байту комбинатының жастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасаған. «Жас Ұлан» балалар жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, Гимні бар.

| Жылдар    | «Жас Қыран» | «Жас Ұлан» |
|-----------|-------------|------------|
| 2022-2023 | 37          | 56         |
| 2023-2024 | -           | -          |
| 2024-2025 | -           | -          |

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік –психологиялық қолдау қызметі бойынша 1-әлеуметтік педагог, 1-педагог-психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата-ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым-қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жүйелі ұйымдастырылды. Мектептегі әлеуметтік-психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «Сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «Сенім» жәшігі мектептің бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобильдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған. Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша **2022-2023 оқу жылында** Отбасы саны 62 болған. Көпбалалы отбасы – 27, балалары – 68, толық емес отбасы – 4, балалары – 4, әкесі қайтыс болған – 1, анасы қайтыс болған – 4, ажырасқаны – 2, аз қамтылған отбасы – 4, бала саны – 2, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 0, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 4, өгей әкемен тұратын білім алушы – 0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, 2022-2023 оқу жылы бойынша кәмелетке толмаған ісі жөніндегі бөлімде, мектепшілік есепте тұрғандар – 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы – 0, сәтсіз отбасы – 2, бала саны – 2. **2023-2024 оқу жылында** Отбасы саны 61 болған. Көпбалалы отбасы – 25, балалары – 58, толық емес отбасы – 3, балалары – 3, әкесі қайтыс болған – 1, анасы қайтыс болған – 3, ажырасқаны – 2, аз қамтылған отбасы – 4, бала саны – 2, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 2, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен тұратын білім алушы – 0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, 2022-2023 оқу жылы бойынша

кәмелетке толмаған ісі жөніндегі бөлімде, мектепшілік есепте тұрғандар – 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы – 0, сәтсіз отбасы – 2, бала саны – 2. **2024-2025 оқу жылында** Отбасы саны 56 болған. Көпбалалы отбасы – 25, балалары – 52, толық емес отбасы – 3, балалары – 3, әкесі қайтыс болған – 0, анасы қайтыс болған – 3, ажырасқан отбасы – 1, бала саны – 2, аз қамтылған отбасы – 4, бала саны – 2, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 0, күн көріс деңгейі төмен отбасы – 1, бала саны – 2, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен тұратын білім алушы – 0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, 2022-2023 оқу жылы бойынша кәмелетке толмаған ісі жөніндегі бөлімде, мектепшілік есепте тұрғандар – 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы – 0, «Тәуекел тобы» отбасы – 4, бала саны – 5.

**2022-2023 оқу жылында** Саға жалпы білім беретін орта мектебінне Мұғалжар аудандық білім бөлімінен «Құпия» демеушілер тарапынан 100.000 теңге көлемінде 5 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдар мен сөмке алып берді. Олар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасынан шыққан 2-класс оқушысы Ілескен Дулат, 4-класс оқушысы Ілескен Дарынға және ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан 3-класс оқушысы Махмет Ерасыл, 6-класс оқушысы Махмет Айажар, 5-класс оқушысы Махмет Санжарға табысталған. Жаңа жылдық мерекеге орай Президенттік шыршаның 100.000 көлеміндегі сыйлығы Махмет Санжар, Махмет Айажарға табысталған. 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы өткізілуде. «Менің таңдауым-балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтіп жатқан «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтап, оларға толықтай материалдық көмек көрсету шаралары ұйымдастырылуда. Ол үшін бизнес құрылымдарын, үкіметтік емес ұйымдарды және мемлекеттік органдарды тарту көзделуде. Атап айтар болсақ ауыл кәсіпкері **Тоғжанов Сәкен** 100000 теңгеге 5 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдар мен сумка алып берді. Олар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасынан шыққан 2 сынып оқушысы Ілескен Дулат, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан 3 сынып оқушысы Махмет Ерасыл, аз қамтылған отбасынан шыққан 8 сынып оқушысы Турегалиева Каусар, 5 сынып оқушысы Жамбыл Исрайл, 9 сынып оқушысы Смагулова Лаура. Ауыл кәсіпкері **Саттарова Лиза** 20 000 теңгеге 1 оқушыға мектепке қажетті оқу құрал мен сумка алып берді. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасынан шыққан 5 сынып оқушысы Ілескен Дарын. Ауыл кәсіпкері **Шотова Гулбақыт** 60200 теңгеге 2 оқушыға аз қамтылған отбасынан шыққан 2 оқушыға 5 сынып оқушысы Алпысбаев Жандарбек және 6 сынып оқушысы Алпысбаева Жаннұрға спорттық киімдер, крассовка, туфли ак жиде, юбка, шалбар, бантик. "**Казахойл Ақтөбе**" ЖШС-ның "**Жас мамандар**" кеңесі 296000 теңге көлемінде 22 оқушыларымызға оқу құралдары мен сумка табыстады. «Жапнай білім беру қорынан» бөлінген қаржы 190000 теңгеге 5 оқушының ата-анасының счётына ақшалай аударылды. Аударған ақшаға балаларына ақ жейде мектеп формасы, ұл балаларға мектепке қажетті спорттық киімдер алып берді.

Жалпы көрсетілген көмек **666200** теңге

**2023-2024 оқу жылында** Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің ұйымдастыруымен 2019 жылғы 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы өткізілуде. «Менің таңдауым-балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтіп жатқан «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтап, оларға толықтай материалдық көмек көрсету шаралары ұйымдастырылуда. Ол үшін бизнес құрылымдарын, үкіметтік емес ұйымдарды және мемлекеттік органдарды тарту көзделуде. Атап айтар болсақ Оралдық кәсіпкер 25000 теңгеге 1 оқушыға (Алпысбаева Жаннұр 7 сынып) мектепке қажетті оқу құрал мен сумка алып берді. "**Казахойл Ақтөбе**" ЖШС-ның "**Жас мамандар**" кеңесі 320 000 теңге көлемінде 31 оқушыларымызға оқу құралдары мен сумка табыстады. Олар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасынан шыққан, аз қамтылған отбасынан шыққан, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға табысталды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008

жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде ата-аналардан өтініш қабылданып «Жаппай білім беру қорынан» бөлінген қаржы 81134 теңгеге(1 оқушыға-40567тг) 2 оқушының ата-анасының сөбатына ақшалай аударылды. Аударған ақшаға ата-анасы балаларына ақ жейде мектеп формасы, спорттық киімдер алып берді.

Жалпы көрсетілген көмек **426 134** теңге.

**2024-2025 оқу жылында** Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің ұйымдастыруымен 2019 жылғы 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы өткізілуде. «Менің таңдауым-балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтіп жатқан «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтап, оларға толықтай материалдық көмек көрсету шаралары ұйымдастырылуда. Ол үшін бизнес құрылымдарын, үкіметтік емес ұйымдарды және мемлекеттік органдарды тарту көзделуде. **"Қазахойл Ақтөбе" ЖШС-ның "Жас мамандар"** кеңесі 660 000 теңге көлемінде 44 оқушыларымызға оқу құралдары мен сумка табыстады. Олар күн көріс деңгейі төмен отбасынан шыққан, аз қамтылған отбасынан шыққан, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға табысталды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде ата-аналардан өтініш қабылданып «Жаппай білім беру қорынан» бөлінген қаржы 477 477 теңгеге(1 оқушыға- 43407 тг) 11 оқушының ата-анасының сөбатына ақшалай аударылды. Аударған ақшаға ата-анасы балаларына ақ жейде мектеп формасы, спорттық киімдер алып берді.

Жалпы көрсетілген көмек **1 137 477** теңге.

